

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ
14 қараша, 2025 жыл

Астана, 2025

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

Редакция алқасы: Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР» көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз	3
Құттықтаулар	5

Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде)	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні)	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде)	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде)	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida)</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері)</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде)</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты</i>	366

әдебиеттануда сюжетке берілген анықтамалардың әр түрлілігін (характерді ашудың тәсілі; тіл, характер, қимыл бірлігі; баяндаудың түрі) айта келе: «Фольклорлық сюжет дегеніміз – фольклорлық шығарманың негізгі оқиғалық қаңқасы, өзегі. Ол шығармадан бұрын пайда болып, одан тыс өмір сүре алады. Кез келген оқиға сюжет бола бермейді. Сюжет болу үшін оқиға бірден-бірге тарап, фольклорлық сипат алуы тиіс. Сөйтіп тұрақталған сюжетке, одан кейін шығармаға айналады» [1,23]. Ғалым жанр табиғатына байланысты зерттеулерін әрі қарай фольклор жанрларының функциясы және жүйесі, халық прозасы мен ертегілердің ішкі жанрлары саласында жалғастырып, фольклор жанрларына қатысты ғылыми-әдіснамалық жағынан тың тұжырымдар орнықтырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
2. Аникин В.П. Теория фольклора. Курс лекций. – Москва: КДУ, 2007. – 432 с.

АКАДЕМИК С. ҚАСҚАБАСОВ ЖӘНЕ 1960-1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРИСТИКАСЫ

Сағымбай ЖҰМАҒҰЛ, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы, Астана, Қазақстан

Ұлт әдебиетінің тарихи бастауларын ежелгі дәуір мұраларымен сабақтастықта зерттеу бағытындағы келелі істердің рухани түлеудегі кемел маңызы филология ғылымы, соның ішінде қазақ фольклористикасының озық әдістерді ұстанып, кешенді зерттеулер жүргізу барысында соны сипатқа ие бола бастады. Соның ішінде қазақ әдебиеті тарихы I томының бірінші (1960), екінші кітаптары (1964) мен қазақ фольклоры тарихының орыс тіліндегі басылымдарында (1968) халық ауыз әдебиеті жанрларының жүйелі талдануы мен фольклор туралы ғылымның даму тарихының саралануы қазақ фольклористикасының өркендеуіндегі айтулы белесті айқын танытады. Мұның бәрі халық мұрасының дәстүрлі жанрлары мен олардың кейінгі көркемдік ұласудағы сабақтастығын байыпты зерделеуге, шын мәніндегі халықтық сипатының ел өмірінің тарихымен тамырласып жатқан болмыс-бітімімен тығыз байланыстағы тұтастығын тануға мүмкіндік берді әрі осы бағыттағы ізденістердің өрісін айқындады. Ең бастысы аталған еңбектерде қазақ фольклоры туралы ғылымның тарихы мен даму жолдары ғылыми тұрғыдан жүйеленді. «Мұнда әрбір жанр жеке қаралып, олардың шығу және тарихи даму жолдары белгіленді, жанрлық және поэтикалық ерекшеліктері ашылды» (1, 269).

1969 жылы 27-30 қазан аралығында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты өткізген ғылыми-шығармашылық конференцияда талқыға салынған мәселелер, соның барысында қабылдаған ұсыныстардың да фольклортануда маңызы зор. Ұсыныста фольклорлық мұраның халықтығы мен

партиялығы басты орынға қойылғанымен, «Қазақ фольклоры - жанр жағынан да, түр жағынан да бай мұра. Ол сонау алғашқы қауымның ыдырау кезеңінде туып, күні бүгінге дейін өмір сүріп келетінін» (2, 244) нақты зерттеулерімен дәлелдеуге ұмтылған тың толқынның ұстанымы жетекші тенденцияға айналып, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің жанрлық ерекшеліктерін, ақындар шығармашылығын арнайы зерттеу, жариялау және де Әдебиет пен өнер институты мен Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорындағы материалдарды халық игілігіне айналдыру мақсатында көп томдық шығару ісін қолға алу қажеттілігі көрсетілді (2, 296-297). Осы игілікті ізденістер қазақ фольклористикасының өзге де келелі ғылыми мәселелерін байыпты зерттеуде қордаланған түйіндерін шешу қажеттілігіне қозғау салды. Бұл ретте қазақ фольклористикасы ғылымының тарихи дамуындағы айтулы белес ХХ ғасырдың 70-80 жылдарының еншісінді.

Аталған кезеңде қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеу бір ғана маркстік-лениндік әдіснаманың тар өрісті аясында қалып қоймай, әдебиеттанудағы озық ғылыми принциптер негізіне иек артты. Оған аға буын өкілдерімен қатар ұлттық фольклористикаға келген жаңа толқын айрықша үлес қосты. Ол қазақ фольклористикасының өзіндік ерекшелігінен туындайтын жанрлық сипатын түрлі ғылым салаларымен сабақтастықта кешенді қарастыру, әлем халықтарының (түркі-монғол) мұрасымен байланыста типологиялық тұрғыдан жүйелі саралау және де фольклорды жазба әдебиетті зерттеуде ұстанатын талдаулардың құрсауынан арылтуға батыл бетбұрыс әкелді. Бұл кезеңдегі қазақ фольклористикасындағы ғылыми - зерттеушілік бағыт біріншіден, көркемдік ойлаудың асыл арнасы болып табылатын халық мұрасының белгілі бір жанрын (ертегі, тарихи жыр, қазақ эпосы, лиро-эпос, халық өлеңдері, айтыс, шешендік өнер, қазақтың халық прозасы, халық поэзиясы, қисса-дастандар, халық прозасы т.б.) нақты зерттеу нысанына алуда монографиялық еңбектер арқылы көрінсе, екіншіден, халық тарихының сан ғасырлық тағдыр-талайынан сыр шертетін әрі тарихи ойлаудың күретамыры іспеттес қазақ қолжазбаларын, тарихи жырларын, музыкалық фольклорын зерделеген «Қазақ фольклористикасы» (1972), «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» (1973), «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» (1975-1989), «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (1979), «Қазақ фольклорының типологиясы» (1981), «Қазақтың музыкалық фольклоры» (1982), «Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі» (1983) атты ұжымдық зерттеулер, үшіншіден, фольклорлық мұраны жариялау, ғылыми басылымдарын дайындау сияқты келелі істер барысында жүзеге асырылды.

Соның барысында халқымыздың ежелгі отандық шежіресі іспеттес байырғы әдеби жәдігерліктер негізінде қазақ эпосының түп-төркінін зерделеу, көне түркі әдебиет үлгілерімен тарихи сабақтастығын түркітану, этнография, археология, этногенезбен байланыстыра отырып жанрын, типологиясын, генезисін айқындаған іргелі зерттеулер туды. Түркітану мен фольклористиканы тоғыстыратын осынау күрделі де келелі істер Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, О.Нұрмағанбетова, М.Ғұмарова, Т.Сыдықов,

С.Садырбаев, Б.Уахатов, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбыраев еңбектерінде жүзеге асты. Ол қазақ фольклорының түркітанумен өзектес өзіндік ерекшелігінен туындайтын жанрлық сипатын түрлі ғылым салаларымен тығыз бірлікте қарастыру, түркі-монғол халықтарының мұрасымен байланыста саралау және де фольклорды жазба әдебиетті зерттеуде ұстанатын біржақты талдаулардың құрсауынан арылтуға бетбұрыс әкелді. Түркология мен фольклортану өзара тығыз тоғысқан арна Ә.Марғұланнның «Шоқан және «Манас» (1971), «Ежелгі жыр аңыздар» (1985), Ә.Қоңыратбаевтың «Көне түркі поэзиясы және қазақ фольклоры» (1972), «Эпос және оның айтушылары» (1975), С.Қасқабасовтың «Казахская волшебная сказка» (1972), «Қазақ халық прозасы» (1984), Е.Тұрсыновтың «Генезис казахской бытавой сказки» (1973), «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (1976), Ш.Ыбыраевтың «Қорқыт ата» кітабының поэтикасын түркі халықтарының эпосымен салыстыра зерттеу» (1979), Р.Бердібаевтың «Қазақ эпосы (жанрлық және стадиялық мәселелер)» (1982), Б.Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңдері» (1974), «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» (1983) атты іргелі еңбектерінің өзегін құрады. Сонымен қатар М.Ғабдуллиннің «Қазақ эпосы» (1971), «Қазақ халқының батырлық жыры» (Т.Сыдықовпен бірігіп жазған) (1972), «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1974), «Халық ауыз әдебиеті» (Б.Ысқақовпен бірігіп жазылған) (1974), Р.Бердібаевтың «Гүлстанның бұлбұлдары» (1970), «Дәстүр тағылымы» (1973), «Жыршылық дәстүр» (1980), «Сарқылмас қазына» (1983), К.Сейдахановтың «Қазақтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық поэзиясы» (1974), Ы.Дүйсенбаевтың «Қазақтың лиро-эпосы» (1973), М.Жармұхамедовтың «Айтыстың даму жолдары» (1976), «Айтыс өнері» (1979), «Сарбаз поэзия (1916 жылғы көтеріліске байланысты туған халық поэзиясы туралы)» (1981), Б.Адамбаевтың «Халық даналығы» (1976), «Қазақтың шешендік өнері» (1984), С.Садырбаевтың «Фольклор және эстетика» (1976), «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1977), Н.Төрекұловтың «Қанатты сөздер» (1977), «Қазақ халық совет поэзиясының жанрлық ерекшеліктері» (1979), Е.Жұбановтың «Эпос тілінің өрнектері» (1978), Б.Абылқасымовтың «Халық ақындарының творчествосы (Библиографиялық көрсеткіш)» (1979), Ш.Әлібековтің «Қазақ фольклорының әсемдік әлемі» (1979) Т.Сыдықовтың «Ғасырлардың кәусар бұлағы» (1980), М.Дүйсенов, К.Сейдаханов, С.Негимовтардың «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты» (1986) жарық көрді.

Әдебиетші ғалымдар алдында қазақ фольклористикасының даму жолдарын, халық ауыз әдебиеті үлгелерінің жанрлық табиғатын, фольклорлық мұралардың тарихи бастауларын, генезисі мен типологиясын айқындау сынды басты міндеттер де тұрды. Осы жағынан алғанда батыл зерттеулерге иек артып, тың болжамдар мен концепциялар ұсынудағы соны қадамдардың алғашқы барлауы іспеттес ұжымдық «Қазақ фольклористикасы» (1972) еңбегінде қазақ фольклористикасының даму жолдары (М.Ғабдуллин) қарастырылып, халық өлеңдері (Б.Уахатов), шешендік сөздер, мақал-мәтелдер (Б.Адамбаев), нақыл сөздер (Н.Төрекұлов), ертегілер, тарихи жырлар (Е.Тұрсынов), батырлар жыры (Т.Сыдықов), айтыстар (Ә.Рахымжанов), Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық

поэзиясы (К.Сейдаханов) талданды. Сонымен қатар С.Сейфуллин (Т.Кәкішев), М.Әуезов (Ә.Молдаханов), С.Мұқанов (М.Ғабдуллин), Қ.Жұмалиев (М.Атымов), Е.Ысмайылов (К.Сейдаханов), Ә.Марғұлан (Х.Сүйіншәлиев), Б.Кенжебаев (Н.Төрешұлов), Н.С.Смирнова (С.Қасқабасов) сынды халық мұрасын зерттеушілердің ғылыми еңбектері сараланып, шығармашылық тұлғалары сомдалды (1). Бұл еңбек біріншіден, халық ауыз әдебиетінің басты жанрларын нақты зерттеудің тың бағытын айқындаса, екіншіден, қазақ фольклорын жетекші ғалымдар қандай деңгейде қарастырды, зерттеулерінің маңызы неде деген мәселені алғаш шығармашылық портрет тұрғысынан жинақтай саралауымен құнды. Зерттеушілер халқымыздың фольклорлық мұраларының тарихи бастауларын, генезисі мен типологиясын айқындау сияқты өз деңгейінде қарастырыла қоймаған ділгір мәселелеріне баса назар аударды. Мәселен, Б.Уахатов өлең үлгілерінің жиналуын М.Қашқари «Сөздігімен» байланыста ала отырып, көне түркі және қазақ өлеңінің тақырып, образ жүйелеріндегі ұқсастықтарды байыптады (1, 27-28). Осы күрделі тақырып ғалымның «Қазақтың халық өлеңдері» (1974), «Қазақтың тұрмыс-салт жырлары» (1983) еңбектерінде тереңдетіле зерттелді.

Ертегі табиғатын талдаған Е.Тұрсынов түркі-монғол халықтарының ертегілеріндегі кенже бала бейнесінің шығу тегін минорат, майорат кезіндегі әдет-ғұрыптардан ғана емес, дуалистік ұғымдардың ауыз әдебиетінде қалыптастырған дәстүрінен де іздеу жөн деген түйін жасаса (220,85), тарихи жыр жанрының кеже эпостан айырмашылығын анықтау, соның барысында кенже эпостың тарихи жыр жанрының қалыптасуына жасаған әсерінің жолдарын зерттеу, қазақ ауыз әдебиетіндегі тарихи жыр жанрының туу, даму үрдістерін түркі-монғол халықтарының фольклорымен салыстыра, тарихи-генетикалық тұрғыдан қарастыру қажеттігіне проблемалық назар аударды (1, 110-111). Ал, эпостанудағы өзекті мәселелерді зерделеген Т.Сыдықов қазақ эпостарының шығу мерзімі туралы пікір айтқан Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев тұжырымдары негізінде қазақ эпосының түп-төркінін айқындауда XIII ғасырмен шектеліп қоймай, оның алғашқы үлгілерін мифтік ұғымдармен сабақтастыру, қазақ эпосының нұсқаларын монографиялық көлемде зерттеу мәселесін көтерді (1, 102-103).

Қазақ фольклористикасы мен түркітану мәселелері тығыз тоғысқан күрделі тақырыптар іргелі зерттеулер өзегіне алына отырып, ұлттық руханияттың адамзаттық мәндегі әдеби және мәдени құндылықтармен тарихи байланысының арқауын зерделеген соны еңбектердің жарық көруімен барынша еселене бастады. Ә.Марғұланның «Шоқан және «Манас» зерттеуі шоқантанудың келелі арқауын көне мәдениет, әдебиет күретамырымен тығыз тығыз байланыстырумен құнды (3). Ғалым Шоқанның «Манас» жырын ғасырлар бойы Орта Азия мен Қазақстан жерінде қолданылған «түркі» деп аталатын дәстүрлі арап емлесімен жазғанын зерделеу арқылы оның көне мұрамызды танудың түйінді желісінен ажырағысыз арнасымен дәнекерлейді. Мәселен, «түркі» жазуының мың жылдық қалыптасқан тарихын айта отырып, қоғамның рухани өміріндегі маңызын X ғасырдан бастап, соңғы дәуірге дейін Орта Азия мен Қазақстанда, Орал, Еділ бойында жасаған

дарындардың өз ойларын қағаз бетіне аталған жазумен түсіргеніне ерекше мән береді. Сол арқылы шағатай ақындарының, Бабырдың, Қадырғали Жалайыридың, Әбілғазының тарихи жазбалары, Бұқар жыраудың, Абай өлеңдерінің, Сырым Датұлы нақылдарының «түркі» жазуымен бүгінгі күнге жетуінің әдеби-тарихи дәстүрінің маңызын ашады. Сонымен қатар осы көне жазумен сақталған тарихи, шежіре, әдебиет, тіл мұраларын айтқанда «Қорқыт», «Оғызнаме», «Мұхаббатнаме», «Шайбанинаме», «Саңлақ» сынды қолжазбаларды және қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарына ортақ XIII-XVI ғасырлардағы ерлік, махаббат жырларын мысалға алып: «Олармен қатар XVI-XIX ғасырдағы қазақ халқының Орта Азия, Россия, Қытай мемлекеттерімен елшілдік, жұрт аралық қатынастары да бір ғана осы жазумен жүргізілген. Шоқан жазып алған «Манас» жыры сондай тарихи жазулардың бірі» (3,31-32) деген тұжырым жасайды. Ш.Уалиханов жазып алған «Манас» мысалында эпос генезисін ертедегі көшелі тайпалар заманына бастап, түркі тайпалары эпосы Хүнн, Үйсін дәуірінде туа бастағанын дәлелдейді (179,96). Осы тұрғыдан келгенде М.Ғабдуллиннің «Қазақ эпосы» (1971) және Т.Сыдықовпен бірге жазған «Қазақ халқының батырлық жыры» (1972) еңбектерінде эпостың шығу дәуірі ерте замандардағы патриархалдық-рулық құрылыс, Үйсін, Қаңлы, Қоңырат, Керей, Қыпшақ заманымен байланысты алынғанымен әдебиетшілер эпос генезисіне қатысты үзілді-кесілді пікір айтуды қиын деп білді (4, 333). Бұл түйінді мәселедегі терең ізденістер Ә.Қоңыратбаев зерттеулерінде ғылыми шешімін тапты. Демек, «Бізде тіпті сақ, массагет, Үйсін дәуірін былай қойғанда Көк түріктер (түрік қағанаты), Қараханидтер, X ғасырдағы Оғыз-қыпшақ, XV ғасырдағы Ноғайлы дәуірінің өзі зерттелмеген» (5) деген ғылыми принциптілікті басты орынға қойған Ә.Қоңыратбаевтың «Көне түркі поэзиясы және қазақ фольклоры» (1972) зерттеуінің маңызы өзі қарастырып отырған күрделі тақырыптың типологиясын, генезисін Сақ, Ғұн, Үйсін, Оғыз ұлысы, Ноғайлы дәуірімен тарихи сабақтастықта айқындау мен анықтауынды.

«Салыстырмалы-типологиялық әдіске түркі тілдес республикалар ішінде тұңғыш рет қазақ фольклоршылары көшкенін атап айту керек» (6, 111) деген Р.Бердібаев пікірін негізге алсақ осы бағыттағы батыл ізденіс өрісін кеңейткен Ә.Қоңыратбаевтың «Эпос және оның айтушылары» (1975) іргелі еңбегінде де қазақ эпосының табиғаты, генезисі, жанры, хронологиясы тереңдетіле зерттелді. Қазақ эпосының ұлт тарихындағы маңызын «Онда елдің тіршілігі, еңбегі, кәсібі мен экономикасы ғана емес, этнографиясы мен салты, ой сезімдері мен психологиясы энциклопедиялық түрде жинақталған. Қазақ эпосы қазақ халқының көркем тарихына айналған» деп түйген ғалым қазақ эпосын түркі-монғол халықтарының эпикалық мұрасымен салыстыра зерттеуде тың ғылыми тұжырымдар жасады. «Қазақ эпосы және түркология» атты іргелі еңбегі де қазақ фольклористикасының түркітанумен сабақтас күрделі де өзекті сан алуан мәселелерін кешенді зерттеуімен құнды (7).

Қазақ фольклорының тегі мен табиғаты, ежелгі түркі тайпаларының мәдениеті салыстырмалы типологиялық әдіспен зерттелген еңбекте ежелгі сақтардың салт-санасы, әдет-ғұрпына, діни нанымдарына (зороастирзм) кеңінен

тоқталып, олардың тотемдік, мифологиялық, әдет-ғұрыптың ұғымдарын тарихи тұрғыдан айқындай түседі. Әсіресе, қазақ арасында сақталып келген тотемдерге (көк бөрі тотемі, ит тотемі, өгіз тотемі, жыл санау тотемі т.б.) талдау жасай келіп, олардың бақташылық жырларындағы, бөбек жырларындағы, үйлену жырларындағы, жаназалау жырларындағы көріністерін ғылыми негізде түсіндіреді (8). Қазақ мифологиясы, эпостануда да еңбектің ғылыми маңызы ерекше. Сонымен қатар Орхон жазулары, «Оғыз нама» аңызы және де олардың қазақ руханиятымен тарихи сабақтастығын, ежелгі түркі поэзиясының өлең өлшемі аруз туралы әдеби-теориялық пайымдаулары да түркітануға қосылған үлкен үлес болып табылады. Бұл ретте еңбекте қамтылған «Әл-Фараби және шығыс Ренессансы», «Фараби және Навои», «Фараби және Абай» атты ғылыми мақалалардың да маңызы аса өзекті де тың тақырыптарды қамтуында (7,179).

Қазақ фольклористкасы мен түркітанудың ділгір мәселелері тығыз тоғысып жатқан жоғарыда аталған еңбектермен қатар қарастырылып отырған кезеңде жарық көрген Б.Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңдері» (1974), «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» (1983), С.Қасқабасовтың «Казахская волшебная сказка» (1972), «Қазақ халық прозасы» (1984), Е.Тұрсыновтың «Генезис казахской бытавой сказки» (1973), «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (1976), С.Садырбаевтың «Фольклор және эстетика» (1976) еңбектерінің де маңызы ғылыми-әдіснамалық негіздерінің тарихи-типология әдіске құрылуында. Қазақ ертегілерін әлем халықтарының ертегілерімен салыстырмалы тұрғыдан кешенді саралау мен талдауда соны ғылыми көзқарас орнықтырған С.Қасқабасов, Е.Тұрсыновтар халқымыздың көне ғасырлар қойнауларындағы салт-санасы, діни наным-сенімдерінің генезисін айқындауда соны қадамдар жасап, қазақтың қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілерінің түп-төркіні мен ілкі бастауы дуалистік мифтерде жатқанын тарих, этнография, археология ғылымдарымен ұштастыра отырып дәлелдеп берді (9).

Ал, қазақ фольклорын халықтық эстетикалық ойлау табиғатымен бірлікте зерделеген С.Садырбаев еңбегінде «Ертөстік», «Көрұғлы», «Манас» сынды түркі тектес халықтарға ортақ мұралардың түрлі нұсқаларының пайда болуы мен сақталуына тән сюжеттік желісінің тарихи-генетикалық негіздері анықталды (10). Өз кезегінде Е.Тұрсыновтың «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (1976) еңбегінде фольклор үлгілерін сақтап таратушыларының ең көне өкілдерінің шығу тегі зерттеліп, дәнекерші, бақсы, ақын, болжаушы абыз, сыншы, жырау, сал, сері типтерінің пайда болу тарихы терең де жүйелі сараланды. Бір ғана фольклористика, түркітанудың ғана емес, тұтас қазақ филологиясының айрықша табысы болып табылатын күрделі зерттеуде түркі-монғол халықтары фольклоры, этнографиясы, тарихы, археологиясы мағлұматтарының негізінде бүгінгі қазақ ұлтының арғы ата-бабаларының көне тас дәуірінен бастап, кейінгі көне түркілер дәуіріне дейінгі сан ғасырлар бедеріндегі наным-сенімдері, тұрмыс-тіршілігі ауыз әдебиетін жасаушылардың шығу тегінің табиғатымен тығыз сабақтастықта кешенді қарастырылды. Бұл ретте зерттеуші ақын, жырау, сал, сері сынды өнерпаздық

тұлғалар шығармашылығының ортақ ілкі қасиеті мен даралық сипатына қатысты жазылған Ә.Марғұланнның «О носителях древней поэтической культуры казахского народа», Е.Ісмайыловтың «Ақындар», М.Мағауиннің «Қобыз сарыны», Ә.Қоңыратбаевтың «Эпос және оның айтшылары» еңбектеріндегі толғамды ойларды тереңдете отырып, осы бағыттағы ізденістерді түйіндеді (11).

Ш.Ыбыраевтың «Қорқыт ата кітабының» поэтикасын түркі халықтарының эпосымен салыстыра зерттеу» еңбегі қазақ әдебиетшілерінің түркітанудағы өзекті тақырыптарды кәсіби біліктілікпен ұштастырып қана қоймай, эпостың салыстырмалы поэтикасын тұтас көркемдік жүйе тұрғысынан теориялық негіздеу барысында жаңаша тұжырымдар жасалуымен де құнды. Ол өз кезегінде қазақ эпосының көркемдік жүйесі мен типологиясын тарихи поэтика тұрғысынан саралауды уақыт пен кеңістік, дәуір мен дәстүр, тарихи шындық пен оның көркемдік шешімі сынды маңызды мәселелермен тығыз тұтастықта кешенді қарастыру талабын еселей түсті. Демек, ғалымның «Себебі басында философиялық ұғым ретінде, кейінірек поэтика төрінен мықтап орныққан уақыт пен кеңестіктің көркемдік дәстүрге бағынған сыр-сипатынсыз уақыт пен кеңестік және эпикалық уақыт арақатынасын тарату мүмкін емес» (22,7-8) деген түйінінің өзегі де бүгінгі эпостануда жетекші бағытқа ұласқаны мәлім.

Эпостың тарихилығын фольклористика мен түркітанудың өзекті мәселелерімен тығыз ғылыми бірлікте ұштастырудағы Р.Бердібаев еңбектері ғылыми талдаулары, теориялық тұжырымдарының тереңдігімен ерекшеленеді. Эпос генезисі мен табиғатын типологиялық әдіспен саралаған «Қазақ эпосы. Жанрлық және стадиялық мәселелер» (13) зерттеуі қазақ эпосының жанрлық проблемалары мен олардың стадиялық даму ерекшеліктерін кешенді талдауымен маңызды. Еңбектің «Қазақ эпосының зерттелу тарихынан», «Көне эпос», «Қаһармандық эпос», «Ғашықтық эпос», «Тарихи жыр» атты бөлімдерінде эпостанудың келелі мәселелері ауқымды қарастырылған. Соның ішінде құнды мұрамыз болып табылатын, алайда зерттеушілер назарынан тыс қалған жиырмадан астам жырды талдауы, сол арқылы ғылыми айналымға енгізуі еңбектің құндылығын еселей түскен. Мысалы, Абылай, Қабанбай, Бөгембай, Жанқожа, Бекет сынды тарихи тұлғаларға арналған жырларды талдаулары соның нақты мысалы деуге болады (13, 185-225).

Бұл тұстағы қазақ фольклористикасындағы іргелі еңбектер қатарында «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» көп томдығының жарық көруі айрықша аталады. «Қазақ әдебиетінің қолжазбаларына тұңғыш рет арнайы жазылып отырған бұл кітап – сол қолжазбалар туралы, қолжазбалардың авторлары мен жинаушылары туралы және оның қазіргі каллиграфиясы жайынан толық мәлімет беретін әрі тарихи-хронологиялық, әрі мазмұндамалық, әрі библиографиялық ғылыми сипаттама» (14,8) еді. Кітаптың бірінші томы 1975 жылы шыққанымен, қазақ қолжазбалары сипаттамасын жариялау мәселесіне 1969 жылы қазан айында өткен ғылыми-шығармашылық конференцияда «Жыраулық дәстүр және қазіргі жыраулар» деген тақырыпты баяндама жасаған Балташ Ысқақов баса назар аударған болатын. Ғалым «Институттың қолжазба бөлімінің ғылыми қызметкерлері дайындап отырған «Қазақ қолжазбалары

сипаттамасының» бірінші басылымына вариант-версияларын қосып есептегенде батырлық жырлардың өзінен ғана әзірше 220 атау еніп отыр. Мысалы, жинаққа енген «Қамбар батырдың» 19 нұсқасы, «Қобыланды батырдың» 28, «Көрұғлының» 29, «Қырық батыр» жырының 30 нұсқасы берілді. Жыраулар мен ақындар жасаған осы мол дүние-халқымыздың сарқылмайтын асыл қазынасы» (2,141-142) деп түйген-ді.

Қазақ фольклористері, соның ішінде М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты қолжазба бөлімі қызметкерлері Орталық ғылыми кітапхана мен институт қолжазбаларының толық картотекасын жасап, онда 200 мыңнан аса шығарма саны бар екенін жүйеледі (15). Жүйелі еңбек пен ғылыми парасат барысында батырлық жырлар 92 (барлық варианттарымен 300), ғашықтық, тұрмыс-салт жырлары – 92 (барлық варианттарымен 399), тарихи өлең, жырлар мен аңыз әңгімелер 98 (барлық варианттарымен 444), Шығыс сюжеттерінен келген поэмалар, дастандар – 81 (варианттарымен 215) екені анықталды. Сонымен қатар 4858 беттік тарихи шежіре картотекаға түсірілді. М.Ғабдуллин, Б.Ысқақов, М.Ғұмарова, Ш.Ахметов, Т.Қанағатов, Г.Сұлтанғалиевалардың ыждахатты еңбектерімен жазылған батырлар жырына арналған кітаптің бірінші томында батырлық жырдың 68 қолжазбасына сипаттама жазылып, олардың 133 түрлі версия, варианттарымен қоса есептегенде сипаттаманың жалпы саны 201 нұсқа екені анықталды (14).

Атап айтқанда, «Қобыланды батырдың» 28, «Көрұғлының» 29, «Қамбар батырдың» 19, «Алпамыс батырдың» 10, «Қарабек батыр», «Күреңбай батыр», «Жетіген батыр», «Әділ сұлтан», «Әуелбек батыр», «Әуез батыр», «Базар батыр», «Орақты батыр», «Оралбек батыр» 2, «Шаһзада батыр», «Шаян батыр», «Дотан батыр» 2, «Ахметбек-Жүсіпбек» 2, «Телағыс» 2, «Бөген батыр», «Бозұғлан», «Ер Тарғын» 8, «Еділ-Жайық» 2, «Бозқұлан», «Көкетай ханның асы», «Қырық батыр» 34, «Құламерген» 8, «Мырқы батыр» 2, «Күзбенбет Садыр» 2, «Шалкиіз батыр» 2, «Рауан батыр», «Өткен батырлар», «Барақ батыр, «Есекей батыр», «Кейпін батыр», «Ер Көкше», «Ер Қосай» 7 нұсқалары қамтылды. Соның барысында тарихи тамыры ҮІ ғасырдан басталған қазақтың эпостық жырларының таңдаулы үлгілерінің қолжазбалары ұлт руханиятының игілігіне айналды. Әрине, идеологиялық цензура батырлық жырларды толығымен қамтуға мүмкіндік бергені жоқ. Мұны Б.Ысқақов «Ауыз әдебиетінің мол саласының бірі-батырлар жырын түгелдей бір кітапта қамтылды, осымен шектелді деп айтудан аулақпыз. Олай болуы мүмкін де емес, қайта керісінше көптеген қолжазбалар тиісті жөндеуден өтпегендіктен немесе кейбір себептермен (Едіге, Шора, Ер Сайын т.б.) «Сипаттамаға» енбей қалып отыр» (14,16) деп орынды ескерткен де еді. Ал Ш.Ахметов, М.Ғұмарова, Ү.Сұбханбердина, Б.Ысқақов, Т.Қанағатов, Г.Сұлтанғалиева, Е.Байтоқов, С.Шоқпарова, Қ.Қабдоловалар ат салысуымен жарық көрген қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының екінші томдына халқымыздың төңкеріске дейінгі ғашықтық жырлары (лиро - эпос) қамтылып, 191 жырға сипаттама берілді (16).

Осы қолжазбалардың жүз қырық екісі қазақ топырағында, елуге жуығы Шығыс сюжетіне құралған дастандар екені айқындалды. Бұл ретте кітапта

Ш.Құдайбердіұлының «Еңілік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Ләйлі-Мәжнүн» дастандарының қамтылуы Ү.Субханбердина, Б.Ысқақов сынды ғалымдардың ғылыми принциптілігін де көрсетеді. «Қалқаман-Мамыр» жырының он нұсқасының бірін және де бір аңыз-әңгімесі, екі версиясы мен жеті варианты бар «Еңілік-Кебектің» «Дала уалаятының газетіндегі» нұсқасын Ү.Субханбердина «Әдеби мұра» (1970) кітабына енгізген болатын. Міне, екінші томның сөз басында Б.Ысқақов «Қалқаман-Мамыр», «Еңілік-Кебек» қолжазба сюжеттік желісі,

Қазақ фольклористері халық қазынасын нақты зерттеу нысанына алып, жүйелі қарастыру мәселесінде де ілгерлеу жолына түсті. Атап айтқанда, «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (17) эпикалық мұраның туу дәуірін, оларда көрініс тапқан әлеуметтік-тарихи оқиғалардың маңызын айқындау, жүйелеуде маңызы зор болды. «Тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипаты» (С.Қасқабасов), «Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы» (Е.Тұрсынов) кешенді сараланған кітаптің «ХҮІІІ ғасырдағы тарихи жырлар» деп аталатын бірінші бөлімінде «Тарихи өлеңдер», «Арқалық батыр» (Б.Уахатов), «Абылай туралы жыр, аңыздар», «Өтеген батыр» (Н.С.Смирнова), «Қаракерей Қабанбай батыр» (Б.Абылқасымов), «Қанжығалы Бөгенбай батыр» (Ә.Рақымжанов), «Шақшақ Жәнібек батыр», «Олжабай батыр» (Б.Адамбаев), «Арқалық батыр», ал «ХІХ-ХХ ғасыр жырлары» деген екінші бөлімде «Исатай-Махамбет» (К.Сейдаханов), «Досан батыр», «Бекет батыр», «Жанқожа батыр» (Н.Төрекұлов), «Сұраншы және Жетісудан шыққан өзге батырлар» (М.Ғұмарова), «1916 жылғы көтеріліс туралы жырлар» (М.Жармұхамедов), «Қазақтың халық музыкасындағы тарихи оқиғалардың бейнеленуі» (Б.Г.Ерзакович) талданды.

Әдебиеттанудағы озық әдіснаманы біліктілікпен қазақ фольклорының өзекті мәселелерін жаңаша зерттеуде ұштастыру сөз өнерінің шын мәніндегі халықтық, ұлттық сипатын ашуда, қоғамдық өмірмен әрі адамзат қауымының өткен тарихымен сабақтастығын зерделеу арнасының өрісін кеңейте түсері анық. Бұл ретте «Қазақ фольклорының типологиясы» (1981) атты ұжымдық еңбектің зерттеу әдісі де тың болып табылады (18). Ауыз әдебиеті туындыларының тегін, жасалу, даму, өзгеру заңдылықтарын талдауды нысан етіп, қазақ ауыз әдебиетінің эпос, ертегі, аңыз-әңгіме, тұрмыс-салт өлеңі сияқты сан алуан жанрлары түркі-монғол халықтарының фольклорымен алғаш рет саластырмалы тұрғыда қарастырылған еңбекте Р.Бердібаевтың «Түркі-монғол халықтары эпосындағы кейбір ортақ желілер», Б.Уахатовтың «Қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінің типологиясы», Б.Адамбаевтың «Тарихи аңыз-әңгімелер», Т.Сыдықовтың «Қазақ эпосын тарату мен дамытудағы жыршы-ақындар ролі», Е.Тұрсыновтың «Типологияның комплексті жүйесі туралы», Н.Төрекұловтың «Фольклорлық жанрлардың ұлттық, интерноцианалдық сипаты», С.Қасқабасовтың «Ертең пен эпостың сюжеттік типологиясы», Ш.Ыбыраевтың «Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі», З.Сейтжановтың «Жыр дәстүрі және «Түкібай-Шолпан» дастаны» мақалалары берілген. Р.Бердібаев эпостанудағы «тарихи мектеп» қисынының кереғар ықпалындағы зерттеулер «Едіге», «Ер Сайын», «Шора» жырларын дұрыс бағалауға мүмкіндік бермей отырғанын

ескерте келіп, «Осы және басқа жырлардың түрлі халықтардағы вариант, версияларын түгел сараптан өткізіп, толық тексергенде ғана олардың халықтық, фольклорлық негіздерін екшеуге, түрлі тараптан жасалған жол-жөнекей қоспаларды ажыратуға, ең қажеттісі – тарихи фактілер мен эпикалық жинақтаудың ара қатынасын анықтауға мүмкіндік туады. Демек, тарихи-типологиялық тәсіл фольклортануға әр саладан қозғау салатын ұтымды тәсіл деп қарау керек» (18,12) деп зерттеу әдісіндегі танымға серпін беретін басты принципті дұрыс көрсетеді. Тарихи-типологиялық тұрғыдан эпос жанрының түрік-монғол халықтарындағы ортақ желісіне тән сипаттар мен ерекшеліктер, көркемдік түрленулер нақты мысалдармен дәлелденген. Мәселен ноғай халқының «Айсылдың ұлы Әмет батыр» жыры мен Мұрын жыраудан жазып алынған «Айсаның ұлы Ахмет», сонымен бірге екі халыққа да ортақ «Шора батыр», «Қазақ жырлары», қазақ қырғыз халықтарының арасындағы эпикалық дәстүр байланысы «Манас», қазақ және башқұрт фольклорлық мұрасындағы ұқсастықтар «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алпамыс», «Тарғын мен Қожақ», «Шора батыр», «Едігей мен Мұрадым» мысалы негізінде қарастырылады. Сонымен қатар Алтай халқының «Маадай-Қара» жырының бейнелеу жүйелеріндегі ұқсастықтар немесе қазақ эпосымен қалмақ халқының «Жәңгір» жырының тарихи-типологиялық үндестігі көшпелі халықтардың ежелгі эпикалық дәстүрінің ортақ арнадан тарамдалуымен байланыста алынған (18,44-

Ал қазақ тұрмыс-салт өлеңдерінің типологиясын саралаған Б.Уахатов түркі-монғол фольклоры мен әдебиетінің байланысын, әр халықтың мифологиялық, фольклорлық дәстүрін, олардың өзара ықпалын, тарихи-поэтикалық ерекшеліктерін зерттеу кезек күттірмейтін келелі мәселе болып табылатынын орынды ескертеді. Ғалым біріншіден, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, татар, алтай халықтарының үйлену салты мен сол салтқа байланысты айтылатын өлеңдердің ұқсастығын, екіншіден, халқымыздың мұң-шер өлеңдері, соның ішінде жоқтау, қоштасу өлеңі және алғыс, арбау, бәдік түрлері салыстырмалы тұрғыдан талдаған. Тарихи аңыз-әңгімелердің біздің дәуірімізге жеткен ауызекі және ішінара жазбаша жеткен әдеби мұрамыздың ең арғы бастауын Қорқыт, Қожанасыр, Майқы, Аяз би есімдерімен байланыста алған Б.Адамбаев қазақтың көне аңыз-әңгімелері Х-ХІІ ғасырлардан басталып, ХІҮ-ХҮІ ғасырларда Асанқайғы, Жиренше шешен айналасындағы аңыз-әңгімелерімен қалыптасқанын байыптайды. Қазақ эпосын тарату мен дамытудағы жыршы-ақындар ролін қарастырған Т.Сыдықов өнерпаздық тұлғаларының ерекшелігін даралайтын үш түрлі қасиетін ашады. Олар: 1. Байырғы батырлар жырының мәтінін жаттап, пайдалана отырып, өзінің жаңаша нұсқасын жасайтын немесе циклды жырлар шығарып жырлайтын жыршы ақын (жырау) (Мұрын жырау); 2. Ақындық пен жыршылықты қатар ұстап әрі шеберлікпен игере отырып, осы күнгі тақырыпқа эпикалық шығармалар тудырған өнерпаздар (Нүрпейіс); 3. Ауызша және де жазбаша түрде де эпикалық шығармалар шығаратын ақындар тобы (Жамбыл бастаған ақындар). Соның барысында зерттеуші эпикалық шығармаларды тарату мен дамытудағы жыршы-

акындардың ұлттық мұраны кейінгі кезеңдерге желісін үзбей жеткізудегі көркемдік арналардың дәстүрлі жалғастығын айқындайды. Типологияның кешенді жүйесін Қорқыт туралы аңыздың түпкі мазмұны негізінде қарастырған Е.Тұрсынов «Қорқыт - жырау типінің жеке тап болып қалыптаспай тұрған кезіндегі, сакральдық функцияларынан арыла қоймаған кезіндегі өкілі болып шықты. Ендеше Баят руынан шыққан дананың қазақтың ауызша дәстүрі мен өзге түркі халықтарының дәстүріндегі мінездемесі бір біріне қайшы келмей, бір жерден шығып отыр» (18,220) деп түйеді.

Мұндай тұжырымға ғалым тарихи-типология әдісінің методикалық комплекстік тоғыстыру жүйесінің негізін ала отырып келеді. Өз кезегінде С.Қасқабасов ерте пен эпостың сюжеттік типологиясын талдау барысында түркі халықтары мен Еуропа елдері фольклорындағы, атап айтқанда ертегі мен эпосындағы ортақ құбылыстарды зерделейді. Фольклорлық ғайыптан туу мотивінің ерте пен эпостағы типологиясын зерттеу барысында ғалым: 1. Батырдың, басты кейіпкердің орасандығын атап көрсету үшін халық қиылы ежелгі аналық заманда пайда болған ғайыптан туу мотивін кең түрде қолданған. 2. Матриархаттың заманы бітіп, өмірге патриархат келгенде ғайыптан туу мотиві жаңа сипатта көрініп, болашақ батыр енді тотемдік атадан туады. 3. Аталық ру заманының шарықтаған кезінде ежелгі ғайыптан туу мотиві тотемдік аңның орнына жәрдемші, жебеуші етіп аталар аруағын алады. 4. Аталық ру қауымы феодализмге ауыса бастағанда, яғни патриархалды-феодалдық қоғамда бұл мотив сәл басқа түрде көрінеді. Бұл кезеңде бұрынға, алғашқы қауымда туған діни нанымдар бірқұдайлық дінге ауыса бастайды да ежелгі ғайыптан туу мотиві өзгеріске ұшырайды (18,264-265) деген зерттеушілік пікір түйеді.

Ал Ш.Ыбыраев қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруін саралап, «Қорқыт ата кітабы» мен «Алпамыс», «Қобыланды» жырларындағы кейбір мотивтердің типологиялық ерекшеліктерін қарастырды. Зерттеуші оғыз эпосымен салыстырмалы тұрғыдан алғанда қазақ эпостарында негізінен көшпенді тұрмыс-тіршілікке байланысты қаһармандардың төрт түлік малын суреттеуімен ерекшеленуін көшпелі өмір салтын ұстану айырмашылықтармен түсіндірсе, алайда кейбір мотивтердің шығу төркінінің бір екендігін, олардың келесі эпизодтарға ұласу ерекшелігімен дәлелдейді (18,270).

Кейбір мотивтердің шығу төркінінің бір екенін айта келіп («Алпамыс», «Қобыланды», «Қорқыт жырларындағы» баласыз қартайған ата-аналардың өз отбасы мен руының қорғансыз екеніне қайғыру, «есепсіз байлығының» баянсыздығына күйіну), эпостың кейінгі даму үрдісінде ескі мотивтер жаңа сарындармен толықтырылып, тарихи әлеуметтік өзгешеліктері басқаша түсіндіріле бастайтынын тұжырымдайды. Аталмыш еңбекте қазақ фольклорының түп-төркіні, тарихи негіздері, поэтикалық ерекшеліктері әр түрлі деңгейде, сан алуан контексте қарастырылады. Түркі, түркі-монғол, жалпы көшпелілер сөз өнерінің типологиясы туралы көптеген фактілерге, мол материалға сүйеніп жинақтау, қорытындылар жасалады» (19,324).

Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының жарық көруі, қолжазба мұралардың картотекасының жүйелі түзілуі өз кезегінде қазақ

фольклоры үлгілерін текстологиялық тұрғыда зерттеу мәселесінің міндеттеріне де жауапкершілік жүктелді. Сондықтан да қазақ фольклоры жанрларын текстологиялық тұрғыдан зерттеудің алғашқы тәжірибелерінің қолға алынуы да заңды болатын. Міне, «Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі» (20) атты кітапқа енген ғылыми мақалаларда халық ауыз әдебиеті үлгілерін текстологиялық зерттеудің теориялық мәселелері, мәтінді баспаға дайындаудың басты қағидалары талданды. Атап айтқанда, «Қазақ ертегілерінің текстологиясы» (С.Қасқабасов), «Алпамыс» батыр жырының қолжазбадағы нұсқалары» (Ш.Ахметов), «Қобыланды батыр» эпосының негізгі варианттары мен олардың өзара байланысы» (О.Нұрмағанбетова), «Қамбар батыр» эпосының ғылыми басылымын баспаға әзірлеу тәжірибесінен», «Ш.Уалиханов жинаған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» нұсқасының тексі жайлы», «Қыз Жібек» лиро-эпосының ғылыми басылымын баспаға әзірлеу тәжірибесінен» (М.Ғұмарова), «Біржан-Сара айтысының текстологиясы» (Ш.Ахметов, Т.Қанағатов), «Шығыс тақырыбына жазылған қазақ дастандарының алғашқы басылымдары» (Ү.Сұбханбердина), «Дастан жанрының кейбір текстологиялық мәселелері» (Б.Әзібаева), «И.Байзақовтың «Ақбөпе» дастаны қолжазбасындағы текстік өзгерістер» (Е.Байтоқов) мақалаларында текстологияның өзекті мәселелері, ғылыми басылымдардың принциптері, баспаға негізгі мәтінді таңдау және редакторлық түзету сияқты келелі мәселелер қарастырылды. Ғалымдар академиялық басылымдарды дайындауда бір ғана мәтінмен шектелуге болмайтынын сондықтан да ғылыми басылымдарда әрбір шығарманың барлық варианттары мен версиялары негізге алынуы керектігін әрі салыстыра зерттеу барысында әр кезде болып отырған өзгерістер айқын көрсетіліп, оларға ғылыми сипаттама берілу басты шарт болып табылатынын тұжырымдады. Ол текстологиялық зерттеудің басты ғылыми принциптерінің тиімділігін танытса, салыстыра зерттеу белгілі бір адамға телініп келген фольклорлық мұра вариантының қай ғалым тарапынан жазып алынғанын анықтауға да мүмкіндік берді (239,12-13)

Текстологиялық редакциялау ісі көкейкесті мәселе екенін байыптаған С.Қасқабасов қазақ ертегілерінің 1957 және 1964 жылдары шыққан жинақтары негізінде шығарма мәтініне жасалған идеологиялық тазарту қисынының сөз өнерінің эстетикалық табиғатын толыққанды тануға тигізетін кереғар ықпалын «Ақылды етікші» атты ертегідегі текстологиялық өзгертулер зерттеушіге ертегі жанрына тән кейбір ерекшеліктерді аңғартпайды. Мысалы, 1957 жылғы жинақта «Бұрынғы өткен заманда бір патша болған екен» деп жазылса, қолжазба мен 1964 жылы шыққан текстіде «Бұрынғы өткен заманда халқына пайдалы бір әділ патша болған екен» делінген. 1957 жылы шыққан жинақтағы «халқына пайдалы», «әділ» деген сөздерді қысқарту дұрыс емес. Бұл жерде құрастырушылар идеялық жағына мән беріп ертегіні «идеялық нашарлықтан» тазартпақ болған болу керек. Бірақ олай жасамау керек еді» (239,27) деп орынды ескертеді.

Ғалым қазақ ертегілерінің әр жанрына арналған шын мәніндегі ғылыми жинағын шығару, текстологиялық жұмысын қолға алу қажеттілігіне де проблемалық мән береді (20,31). Ш.Ахметов «Алпамыс батыр» жырының

қолжазбадағы нұсқаларын текстологиялық тұрғыдан сараласа (20,31-38), О.Нұрмағанбетова «Қобыланды батыр» эпосының негізгі жеті варианттары және олардың өзара байланысын қарастырып, осы жырдың ең толық вариантын құрастырған, «соңғы айтушылардың» бірі Шапай Қалмағамбетов екенін дәлелдейді (20,43). «Қамбар батыр» эпосының, «Қыз Жібек» лиро-эпосының ғылыми басылымын баспаға әзірлеу тәжірибесімен ой бөліскен М.Ғұмарова «Фольклоршы текстолог текстердегі қоспаларды анықтағанда, оны жинақ үшін қабылдағанда әрбір сөзге тиісті дәлелі болу керек, баспаға әзірлемек болған текстерге жүргізілетін орфографиялық, лексикалық, пунктуациялық жөндеулерінің өзі де дәлелді, қонымды болуға тиіс. Жанр системасының принципін де бақылауға тиіс. Кейбір эпостық жанрда, тұрмыс-салт жанрында көр ұшырайтын сипаттаулар, суреттеулер болады. Олар да нұсқаларды салыстыру арқылы табалады» (20,112-113) деген зерттеушілік тұжырым жасайды.

Өз кезегінде Ш.Ахметов, Т.Қанағатовтар «Біржан-Сара айтысының» текстологиясын Қазан баспасынан шыққан екі нұсқа (бірінші Жүсіпбек қожа нұсқасы. Екіншісі Зайсан нұсқасы) негізінде талдап, өзара салыстыру барысында ол мәтіндердің айырмашылықтарын ашып, айтыста айтылатын жер, ру, адам аттарының толық түсініктемесін береді. Сонымен бірге онда кезігетін араб, парсы, монғол сөздерінің қате жазылып келгендігін анықтап, дұрыс қалпына келтірген. Бұл орайда ғалымдардың аталған мұраның Қазан баспасынан көне араб әрпінде шыққан екі вариантын түпнұсқасынан төте көшіріп, әзірлеулері әрі оны институттың қазақ ауыз әдебиетінің көп томдығын шығару жоспары бойынша дайындалған айтысқа арналған томдарға «Біржан-Сара айтысының» осы түзетілген нұсқасын жіберулері текстологиялық жұмыстың қаншалықты маңызды екенін айқындайды (20,149-172).

Шығыс тақырыбына жазылған қазақ дастандарының алғашқы басылымдарын зерттеуші Ү.Сұбханбердина классикалық шығыс әдебиетінің дәстүрінде қазақ топырағында туған мұраларды кеңінен талдайды. Ғалымның Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасының қазақ арасына ауқымды тараған нұсқасын саралауы ерекше назар аудартады. Өйткені аталған дастанның қазақ әдебиетінде орнығуы Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығымен сабақтас мәселе. Міне, Ү.Сұбханбердина «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасының қазақ арасына мол тарағаны-Физули нұсқасы. Осы нұсқаның толып жатқан қолжазбалары архив қазыналары мен кітапхана қорларында сақтаулы тұр. «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2, 3 және 1923 жылғы 4,5,6,7,8, сандарында басылған. Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәкен Сейфуллин 1935 жылы поэмаға алға сөз жазып жеке кітап етіп жариялаған болатын» (20,190) деп Шәкәрім мұрасының маңызын сол кезеңнің өзінде-ақ әділ бағалады.

Қазақ фольклористикасында Шығыс сюжетіне құрылған дастандардың текстологиясын арнайы қарастырған Б.Әзібаева осы жанрдың кейбір текстологиялық мәселелеріне тоқталады. Атап айтқанда, дастандарды ғылыми тұрғыда жариялауда, яғни академиялық басылымын әзірлеуде мына мәселелерге ғылыми мән беру керектігін дұрыс көрсетеді: белгілі варианттар мен версиялардың ғылыми сипаттамасы, жарыққа шығатын текстердің паспорттық

деректері, дастанды жырлағандар мен жинағандар жайлы мәліметтер, көрсеткіштер, сөздік (20,192-193).

С.Қасқабасовтың «Қазақ халық прозасы» (1984) еңбегінде ертегіден басқа прозалық жанрлар жеке алынып, бір жүйе ретінде тұңғыш рет зерттелді (21). Алғаш рет ертегіден басқа прозалық жанрлар жеке-жеке жіктеліп, оларға атау, анықтама жасалып, әр жанрдың және бүкіл аңыздық прозаға тән белгілер айқындалып, ғылыми сипаттама берілді. Соның барысында қазақ фольклорында миф, быличка, аңыз, эпсана жанрлары бір жүйе құрайтыны дәлелденіп, бұлар ертегіге қарағанда көркемдік-стадиялық қасиеттері бойынша басқаша және шығу мерзімі жағынан бұрын деген ой айтылды. Көптеген миф пен эпсана өте ерте заманда туып, көркем фольклорға айналған, ертегілерге негіз болған, ал кейінгі уақыттарда пайда болған аңыз бен эпсана ертегіге айналып үлгермеген деген концепция ұсынады (6,116). Мәселен ғалым фольклортану ғылымындағы аңызды тарихтық және мекендік (топонимикалық) деп екіге жіктеуде тек тақырыптық қана принцип жатқанын ол аңыз жанрының ерекшелігін ескермеуден туғанын ескерте келіп, қазақ аңызын тарихи және тарихи топонимикалық деп екіге бөледі (21,125). Өз кезегінде бейнелейтін оқиғаларына, кейіпкерлеріне, жалпы тақырыбы мен мазмұнына орай тарихи аңыздарды іштей алты топқа бөліп, VIII-XII ғасырлардағы оғыз-қыпшақ заманынан елес беретін аңыздардан бастап (Қорқыт, Ахмет Яссауи, Арыстан Алып туралы әңгімелер), XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыс туралы баяндайтын аңыздарға дейінгі ауқымды аралықты қамтиды (21,126-127).

Түйіндей айтқанда, қазақ фольклористикасындағы халық мұрасын кешенді зерттеу мен жанрлық табиғатын айқындаудағы әдіснамалық принциптерінің соны ғылыми сапалық сипатқа ойысуындағы айтулы кезең XX ғасырдың 70-80 жылдары болды. Аталған кезеңде халық ауыз әдебиетін зерттеу бір ғана маркстік-лениндік ілімнің шеңберінде қалып қоймай, әдебиеттанудағы озық ғылыми зерттеу әдістеріне иек артты. Оған аға буын өкілдерімен қатар ұлттық фольклористикаға сол тұстары келген жаңа толқын ерекше серпін дарытты. Ол қазақ фольклористикасының өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын жанрлық сипатын түрлі ғылым салаларымен сабақтастықта кешенді қарстыру, әлем халықтарының (түркі-монғол) мұрасымен байланыста типологиялық аспектіде жүйелі саралау және де фольклорды жазба әдебиетті зерттеуде ұстанатын біржақты талдаулардың құрсауынан арылтуға бетбұрыс әкелді.

Сондықтан да кешегі КСРО құрамындағы түркі тектес республикалар ішінде салыстырмалы-типологиялық әдіске бірінші болып көшкен қазақ фольклористері ұлттың асыл мұрасын адамзат мәдениетінің ажырағысыз арнасы тұрғысынан қарастыруда батыл бетбұрыс жасады. Соның барысында ұлттық фольклористиканың тарихы жүйелі зерттеліп, қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы тұңғыш рет жарық көрді, эпикалық мұраның туу дәуірі айқындалып, тарихи өлеңдер нақты зерттеу нысанына алынды, қазақ фольклорының типологиясы кешенді түрде сараланып, қазақ фольклорын текстологиялық тұрғыдан зерттеу сияқты маңызды мәселелер ғылыми шешімін тапты. Ол көркемдік ойлаудың асыл арнасы болып табылатын халық мұрасының

белгілі бір жанрын (ертегі, тарихи жыр, қазақ эпосы, лиро-эпос, халық өлеңдері, айтыс, шешендік өнер, қазақтың халық прозасы, халық поэзиясы, қисса-дастандар) нақты зерттеу нысанына алған монографиялар, халық тарихының сан ғасырлық тағдыр-талайынан сыр шертетін әрі тарихи ойлаудың күретаымыры іспеттес қазақ қолжазбаларын, тарихи жырларын, музыкалық фольклорын саралаған ұжымдық зерттеулер, фольклорлық мұраны жариялау, ғылыми басылымдарын дайындау сынды күрделі де кемел істер барысында жүзеге асырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ фольклористикасы. - Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1972. - 298 б.
2. Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. - Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1973. - 313 б.
3. Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас».- Алматы: Ғылым,1973. - 164 б.
4. Ғабдуллин М. Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. - Алматы. Ғылым, 1972. - 338 б.
5. Қоңыратбаев Ә.Көне тарихымыз терең зерттелсе // Қазақ әдебиеті. - 1970. 11 декабрь.
6. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. Мақалалар мен зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1989. - 360 б.
7. Қоңыратбаев Ә.Қазақ эпосы және түркология. - Алматы: Ғылым,1987. - 368 б.
8. Келімбетов Н. Эпос және өмір шындығы // Қазақ әдебиеті. - 1987. – 4 сентябрь.
9. Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка. - А-А.: Наука, 1972. - 260 с.
10. Садырбаев С. Фольклор және эстетика. - Алматы: Жазушы,1976. -151 б.
11. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. - 199 б.
12. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алмаы: Ғылым, 1993. - 296 б.
13. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Жанрлық және стадиялық мәселелер. - Алматы: Ғылым, 1982. - 232 б.
14. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1-том. - Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1975. - 352 б.
15. Нұрмағанбетова О. Асыл мұра // Қазақ әдебиеті. – 1981. – 3 июль.
16. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 2-том. - Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1979. - 255 б.
17. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1979. - 312 б.
18. Қазақ фольклорының типологиясы. - Алматы: Ғылым, 1981. - 307 б.
19. Нұрғалиев Р. Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму. - Алматы: Жазушы, 1986. - 438 б.
20. Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. - Алматы: Ғылым, 1983. - 264 б.
21. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. - Алматы: Ғылым, 1984. - 272 б.